



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## №30 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

### Банк секторының жұмыс істемейтін қарыздарының деңгейін төмендету туралы

2015 жылғы 1 шілде

Алматы қ.

Банк жүйесі бойынша жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі айтарлықтай төмендеп, алдын ала бағалау бойынша 2015 жылғы 1 шілдеде 13%-ды құрады.

Соңғы бес жыл бойы банктердің жұмыс істемейтін қарыздарының деңгейі өте тез өскенін атап өткен жөн. 2008 жылдың соңында жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі банк жүйесі бойынша небәрі 5,2% немесе 476 млрд. теңге болды. Бір жылдан кейін бұл көрсеткіш 21,2%-ға дейін өсіп, 2 трлн. теңгені құрады. 2013 жылдың соңында банк жүйесі бойынша жұмыс істемейтін қарыздардың деңгейі 31,2% немесе 4,2 трлн. Теңге болды. Бес жылдық кезеңде проблемалық берешектің өсуі 3,7 трлн. теңгені құрады. Жұмыс істемейтін қарыздардың ең көп үлесі **33,7%** (4,9 трлн. теңге) болды.

Мемлекет басшысының банктердің кредиттік портфельдеріндегі проблемалық кредиттердің деңгейін 2015 жылы 15%-ға дейін және 2016 жылғы 1 қаңтарға 10%-ға дейін төмендету бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп:

1) **салық заңнамасына**, Ұлттық Банктің **нормативтік құқықтық актілеріне** өзгерістер енгізді;

2) Банктерде мерзімі өткен қарыздарды төмендету жөніндегі **бірыңғай саясатты** әзірледі, онда банктер үшін мерзімі өткен қарыздарды басқарудың бірыңғай тәсілдері, құралдары мен шаралары белгіленеді;

3) проблемалық қарыздарды төмендету жөніндегі іс-шаралардың тиісті мониторингін және үйлестірілуін қамтамасыз ету үшін Мерзімі өткен қарыздарды төмендету қызметін бағалау мен бақылау жөніндегі комиссия құрылды.

Ұлттық Банк Комиссияның отырыстарын он күн сайын өткізеді, оларда екінші деңгейдегі банктер кепілдерді есептен шығару/кешіру, қайта құрылымдау, сот тәртібімен және соттан тыс тәртіппен өндіріп алу, қабылдау, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иеленетін банктердің еншілес ұйымдарына, коллекторлық ұйымдарға қарыздарды беру жолымен жұмыс істемейтін қарыздарды төмендету жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы есеп береді.

Сонымен бірге «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ жұмыс істемейтін қарыздарды төмендету міндеттемесіне негізделген қаржыландыру тетігін іске асырды.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 46 39

+7 (727) 270 45 85

+7 (727) 330 24 97

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)